

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

		мұсылмандары және Екінші дүниежүзілік соғыс	
1260.	Новикова А. Г.	«Боевая деятельность партизан-казахстанцев Освейской партизанской бригады им. М.В. Фрунзе Витебской области БССР (1942-1944 гг.)»	5398
1261.	Тұрғынбай Е. М.	Тектінің тұяғы (майдангер Әлім Алмат хақында)	5401
1262.	Тайтолеуов А. Б.	Герой Советского Союза из Семипалатинской области	5405
1263.	Шуберт А. А.	Боевой путь Кучеренко Николая Петровича: от Акмолинска до Тулы	5408

СЕКЦИЯ 9
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ЖУРНАЛИСТИКА И СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

9.1- секция
ПОСТСЕКУЛЯРЛЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ДІН: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР,
ШЕКАРАЛАР ЖӘНЕ СЫН-ҚАТЕРЛЕР
РЕЛИГИЯ В ПОСТСЕКУЛЯРНОМ ОБЩЕСТВЕ: ВЫЗОВЫ, ГРАНИЦЫ,
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

1264.	Абайқызы Ақтоты	Эрих Фроммның дін психологиясы	5560
1265.	Алибек Алия Бауыржанқызы	Қазақстанның әлеуметтік желілеріндегі психологиялық және рухани емшіліктің қалыптасуы	5564
1266.	Албагачиева Луиза Багаудиновна	Неоязычество в современном обществе: формы, виды возрождения	5568
1267.	Аманжолов Ансар Жанатулы	Проявление образа иисуса христа в маркетинге и интернет-юморе (мем-культуре)	5572
1268.	Әкімбай Айымжан Құдайбергенқызы	Діни ритуалдардың қоғамдағы рөлі	5576
1269.	Бейсенбай Райхан Жарқынбекқызы	Қазақстандағы мұсылман қыздары: қоғамдық пікір және құқықтық мәртебе	5579
1270.	Бидолда Жайқал Болатбекқызы	Оңалту және дерадикализация жұмыстарының халықаралық тәжірибелеріне шолу	5583
1271.	Демесінов Асылжан Алдамбергенұлы	Сенуші адамдарға психологиялық кеңес берудің ерекшеліктері	5588
1272.	Жубанышева Ардақ Талғатқызы	Жеке тұлғаның радикалдану процесін анықтау критерийлері	5593

1273.	Жусупов Санжар Муратулы	Религиозные онлайн-проповеди и психология убеждения: основные методы воздействия	5596
1274.	Ибадуллаева Ақниет Абдуалиқызы	Қасиетті құпиялардың теологиялық психологиялық аспектілері	5599
1275.	Ізбасқан Айдана Арапбайқызы	Діни бірегейлік және жаһандану	5603
1276.	Иманханов Азамат Иманханұлы	Исследование взаимосвязи религиозности и свойств темперамента личности: на основе методики пятифакторного анализа	5607
1277.	Қаржауова Майра Бауыржанқызы	Радикалды діни ағымдардың теориялық-әдіснамалық негіздері	5612
1278.	Орынтай Ади Оразбайұлы	Аспекты деструктивных культов в компьютерной игре «Cult of the lamb»	5616
1279.	Рамазан Інжу Болатқызы	Ислам шариғатындағы тұлға концепциясы: құран негіздері мен ғылыми тұжырымдар	5620
1280.	Самен Көркем Болатқызы	Цифрлық дәуірдегі діни құндылықтардың трансформациясы	5624
1281.	Шайзада Ақерке Асхатқызы	Гендерлік зерттеулердің дінтану саласындағы рөлі: қазақ қоғамындағы руханилықтың трансформациясы	5629

9.2 - секция

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ ОБЩЕСТВО И КУЛЬТУРА: ФИЛОСОФСКИЙ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

1282.	Абдиканова Дарина Куанышевна	Симулякр как продуктивная сила: Делёзовская критика платонизма	5632
1283.	Абитай Бейбарыс Рахымжанұлы	XX ғасырдағы қазақ ойшылдарының рухани жаңғыру мен еркіндікке қатысты философиялық ұстанымдары	5635
1284.	Алимхан Айбота Маратқызы Нукешова Диана Талгатқызы	Балаларға арналған философия:цифрландырылған заманда	5640
1285.	Атымтай Даяна Нурланқызы	Гётенің поэзиясындағы сопылық мотивтер: исламдық мистиканың батыс ойына ықпалы	5645

1286.	Байгулина Амина Акановна	Қазақ ғылымы: Қ.Сәтпаев пен Е.Бөкетов	5649
1287.	Бекботаев Сырлыбек Қуатбекұлы	«Қара жер»: таңба мен қазба жад	5653
1288.	Жақсылық Ботағоз Жарылқасынқызы	Мұзарап Жүсіпұлының күйшілік өнері және қазақ мәдениетіндегі орны	5658
1289.	Жанатқызы Ұлпан	Стоицизмнің қазіргі заманғы адамға пайдасы бар ма?!	5561
1290.	Жаркенов Ұлан Берікұлы	Қазақ философиясындағы мақал-мәтелдің орны	5664
1291.	Жолдасбаева Ақнұр Райымдекқызы	Конфуцийшілдіктегі адам, қоғам және табиғат арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру мәселесі туралы	5667
1292.	Зулхарова Асел	Өнер философиясындағы рухани ізденістер	5670
1293.	Калиева Айя Айбекқызы	«Страх» в философии Сёрена Кьеркегора	5673
1294.	Каменов Бекзат Расулович	Қазақ дүниетанымына тәңіріліктен енген түсініктер	5677
1295.	Капаева Аида	Қазақстандағы театр өнері дамуының кейбір тенденциялары	5681
1296.	Капсеметова Назира Канатовна	Қазақ философиясындағы адам және рухани құндылықтар	5684
1297.	Керімбай Әлихан Санжарұлы	Қоғам және философия: философиялық идеялардың қоғам дамуына ықпалы	5687
1298.	Кунтупова Аяулым Маратқызы	Қоғам және мәдениет: қазіргі қоғамның жастардың рухани құндылығымен байланысты кейбір мәселелеріне философиялық және мәдени талдау	5690
1299.	Қали Тоғжан Қахарманқызы	Эстраданың бұқаралық мәдениеттің феномені ретінде қоғамға әсері	5694
1300.	Қанапина Арайлым Жанғалықызы	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы	5697
1301.	Құрас Бақытгүл Қанатқызы	Сұлулық ұғымының тарихи эволюциясы	5699
1302.	Рахимғалиева Айзат Ерболатқызы	Жасанды интеллект және мораль	5702
1303.	Серік Айгерім Азаматқызы	Шәкәрімнің адамның өмірлік бағдарларының мәні туралы экзистенциалды ой толғауы	5705
1304.	Тілеуғабыл Назерке Ерболатқызы	Жоғары білім саласындағы экзистенциалдық дағдарыстарды еңсерудегі философияның ықпалы	5709
1305.	Шәді Қарақат Қайратқызы	Суфизмдегі әйелдер тарихы: раба аль-адавияның мұрасы және оның ізбасарлары	5714

9.3 – секция

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

1306.	Мамежан Гүлназ Асылзадақызы	Теоретико - методологические основы исследования бренда в семейном бизнесе	5718
1307.	Серікбай Дархан Шымкентбайұлы	Оңтүстік Қазақстан имиджі: тарихи, мәдени және экономикалық аспектілер	5721
1308.	Дүйсенбек Алмаз Асқарұлы Өмірзақ Ақнұр Бауыржанқызы	Әлеуметтік желілердің ойлау қабілеті мен сөйлеу тіліне әсері	5725
1309.	Орынбаева Аруна Маратовна	Диффузия западной культуры в молодежную среду	5730
1310.	Меделханқызы Ақзада	Донорлық әлеуметтік құбылысы: даму шарттары және факторлары	5734
1311.	Мазненко Валерия Максимовна	Отношение современной молодёжи к эзотерическим практикам	5736
1312.	Кукешева Алтынай Ермекбаевна	Восприятие обучающимися онлайн обучения (по результатам онлайн опроса)	5741
1313.	Кожаметова Аружан Азаматовна	Финансовая грамотность студентов Казахстана	5744
1314.	Казиханова Зура Ерлановна	Социальные ценности современной казахстанской молодежи	5748
1315.	Уразбаева Асия Аманжолқызы	Социальная проблема как поле конфликта: кейс закона о семейном насилии в РК	5752
1316.	Төребек Нұргүл Маратқызы	Әлеуметтік желілердің қазіргі қоғамдағы студент жастардың бірегейлігін қалыптастыруға әсері	5756
1317.	Раушанбекова Майра Талгатқызы	Жоғары білімді мамандардың эмиграциясы: қазақстандағы «ми ағыны» және оның әлеуметтік салдары	5760
1318.	Нұртай Гүлсайран	Қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орны: әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері	5764
1319.	Лесов Наурызбек Әспенұлы	Мектеп жасына дейінгі балаға арналған қазақстандық медиакеңістік: әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері	5768
1320.	Көміртай Аружан Ержанқызы	Отбасын жоспарлау контекстіндегі әйелдердің әлеуметтік бірегейлігі: репродуктивті тәжірибенің әйелдің қоғамдағы рөліне ықпалы	5772

1321.	Кенжетай Шолпан Үсенқызы	Халықаралық фриланс тәжірибесі: тенденциялар және онлайн мамандықтар	5776
1322.	Галымжанова Аружан Бауржанқызы	Қазақстандағы паралимпиадалық спортты дамытудың әлеуметтік детерминанттары	5779
1323.	Карим Аулиехан Казбекулы	Религиозная идентичность и цифровая модернизация: институциональные аспекты	5782
1324.	Алиев Марат Мухтарович	Memory studies как исследовательская парадигма в изучении памяти и мнемонических конфликтов	5785
1325.	Балықбаева Ардақ Шәкірқызы	ҚР моно қалаларының демографиялық даму болжамы	5788
1326.	Өтеғали Дулат Болатұлы	Платформалық жұмыспен қамтудың әлеуметтанулық мәселелері	5792
1327.	Иманқұл Ақнұр Бексұлтанқызы	Отбасы-неке қарым-қатынастарына жаңа ұстаным: білім деңгейіндегі және отбасындағы міндеттерді бөлудегі гендерлік теңсіздік призмасында талдау	5795
1328.	Душманов Даниэль Тулегенович	Цифровые сообщества и женщины- тестировщики: гендер и идентичность	5798
1329.	Дінмұхаммед Дильназ	Репродуктивті мінез-құлық: саяси және мәдени конструкциясы	5802
1330.	Акатаев Азамат Абылович	Пространственная статистика в прогнозировании электорального поведения населения на основе данных GPS	5806

9.4 – СЕКЦИЯ

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЖАСТАР ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ МОЛОДЕЖЬ И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА В XXI ВЕКЕ

1331.	Адильхан Адина Нұртайқызы Алдашева Амира Маратовна	Роль скуки в личностном росте: как скуку можно перенаправить от аддикций к самоактуализации	5809
1332.	Аланбаев Алан Болатұлы Жантемирова Аяулым Еркиновна	Мультитаскинг в цифровой среде: информационная перегрузка и когнитивное истощение	5814
1333.	Болатбекқызы Төреқыз	К-поп жанкүйерлерінің психологиясы: әлемдік феноменнің жастар санасына әсері	5816
1334.	Дуйсембаева Сабина Жаслановна	Телефон қолдану уақыты мен стресс деңгейінің өзара байланысы	5819
1335.	Егимбаева Айнагуль Сериккалиевна	Исследование особенностей совладающего поведения родителей имеющих детей с особыми образовательными потребностями	5822
1336.	Ертуқешова Гулия	Психологиялық әл-ауқат ұғымының мәні	5828
1337.	Жақсығұлова Зухра	Білім алушылардың аутоагрессивті	5832

	Бірлікқызы	мінез-құлқын зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздері	
1338.	Жоламан Диана Болатқызы Қадырыса Айшабибі Рахметқызы	Жеткіншектерде кездесетін агрессивті мінез-құлық пен қатыгездіктің психологиялық себептері	5836
1339.	Каримова Еркежан Сайлауқызы	Социально- психологическая адаптация молодежи – выпускников из детских учреждений	5840
1340.	Кунаков Ануар Серикович	Молодые мигранты: травма, разлука и психологическое здоровье	5843
1341.	Қожахметова Динара Тлеужанқызы	Тәуелділікті емдеудің 12 қадамдық оңалту бағдарламасы	5848
1342.	Қонысбай Фатима Ерболқызы	Когнитивті психология және тіл	5853
1343.	Абилбеков Акниет Нурболатович	Кванттық психология: сананың кванттық механика тұрғысынан зерттелуі	5857
1344.	Серікқызы Мөлдір Туякова Улбосын Жүсіповна	Білім беру жүйесінде сараптамалық қызметті жүзеге асыру	5861
1345.	Шакеева Алима Бериковна	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды саласына әлеуметтік медиа ықпалы	5863
1346.	Масуадин Мөлдір	Психология мамандығында оқитын және басқа мамандықтағы студенттердің инфантильділік деңгейін зерттеу	5866
1347.	Мұқашева Ардагүл Болатбекқызы	Цифрлық дәуірдегі психологиялық сауаттылық және оның студенттердің эмоционалды тұрақтылығын дамытуға әсері	5870
1348.	Мырзақасым Айзада Есілбекқызы	Жеткіншектердегі суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша шетелдік тәжірибелерге шолу	5873
1349.	Нусупкүл Әнел Куатбекқызы	Жеткіншектердегі мазасыздықтың ерекшеліктері	5876
1350.	Нұршабек Панар Азаматқызы	«Ер Төстіктегі» архетиптік кейіпкерлер: юнгтың теориясы тұрғысынан талдау	5879
1351.	Рустамханова Тахмина Сухрабовна	Болашақ психологтардың оқу іс-әрекетіндегі үлгерімі мен эмоционалды интеллект арасындағы байланыс	5884
1352.	Сарина Амина Саидовна	Тіл және нейропсихология	5887
1353.	Шайманов Даулет Ерганатович	Связь между личностными характеристиками и приверженностью в религии ислам	5892
1354.	Секербаева Зарина Тимуровна	Психологические аспекты отношения и вовлеченности казахстанской молодежи в видеоигры	5896
1355.	Смагулова Нұрай Ануарқызы	Перфекционизмнің аутоиммунды аурулармен байланысы	5901
1356.	Тигран Ислана	«How childhood trauma affects us as	5904

		adults»	
1357.	Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна Абдракышова Акерке Оралбаевна	Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды психологиялық қолдау	5908
1358.	Тасжурекова Нурсая Ерлановна	Эмоционалдық күйдің шығармашылыққа әсері	5912
1359.	Боранбаева Жансая	«Отбасы» ұғымының ғылыми әдебиеттерде зерттелуі	5914
1360.	Юсупова Гузель Сериковна	Применение медитации в психотерапевтической практике психологов и психосоматологов	5918
1361.	Керимкулова Жансая	Влияние детско-родительских отношений на расстройство пищевого поведения	5923
1362.	Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна Абияким Ақбота Ақылбайқызы	Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды психологиялық сүйемелдеу	5926
1363.	Тухашев Муслим Яхьяевич	Взаимосвязь уровня самодисциплины и удовлетворённости жизнью у студентов	5930
1364.	Ахмет Бота Базарбайқызы	Жасөспірім және өмірдің мәні	5935
1365.	Жолдықараева Алтынай Қанатқызы	Отбасылық тәрбие стилінің жеткіншектердің өз-өзіне сенімді болуына ықпалы	5938

9.5-секция. Заманауи әлеуметтік саясат пен әлеуметтік жұмыс
Современная социальная политика и социальная работа

1366.	Имангалиева Жанель Сержановна	Вызовы и проблемы в работе социальных работников во время чрезвычайных ситуаций	5942
1367.	Седунова Кристина Владимировна	Социально-психологическая адаптация выпускников детских домов	5945
1368.	Михайлова Дарья Анатольевна	Образ профессии «социальная работа» в средствах массовой информации Республики Казахстан	5949
1369.	Жусупова Дильназ Дулатовна	Мотивация профессиональной деятельности и уровень притязаний будущих социальных работников	5953
1370.	Аманкельды Чингиз Аскарұлы	Профессиональная пригодность и приспособляемость к профессии «Социальная работа»	5955
1371.	Сейтжанов Сабыржан Жарылкаганович	Перспективы, риски и возможности миграции в условиях города (на примере г.Астана)	5958

1372.	Аубакирова Аягоз Каиртаевна Адилбекова Толкын Алиевна	Социальная работа и цели устойчивого развития: литературный обзор	5961
1373.	Абдрахманова Сыргагул	Права на образование детей с нарушением слуха в Казахстане	5966
1374.	Болатова Ұлжан Мырзағалиқызы	Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік және медиасауаттылық; БАҚ рөлі мен әлеуметтік саясат механизмдері	5970
1375.	Семенова Юлия Евгеньевна	Роль социальных работников в профилактике суицидального риска в медиа пространстве	5973
1376.	Сейтхан Гүлзат Жаңабайқызы	Әлеуметтік жұмыскер медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымындағы мультидисциплинарлы топтың негізгі қатысушысы	5976
1377.	Саңғылбаева Ботагөз Ермекқызы	Жаңа туылған нәрестелерден бас тартқан әйелдердің мотивациясы мен әлеуметтік жағдайлары: перзентханадағы кейстерді талдау	5980
1378.	Дуйсенбаева Толқын Нурдиллақызы	Әлеуметтік жұмыстың тәжірибесінде арт-терапияны қолдану мүмкіндіктері	5985
1379.	Нұранова Данагүл Жандарбекқызы	Жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істеудегі кейс-менеджмент	5988
1380.	Олжабай Аружан Қалдыбекқызы	Спорт мүгедектігі бар адамдардың өмірлік сценарийін өзгерту факторы ретінде	5992
1381.	Бейбітова Ләззат Арманқызы	Әлеуметтік қызметкерлердің қазақстандағы инклюзивті туризмді дамытудағы рөлі	5996
1382.	Сегізбаева Жанерке Маханбетқызы	Девиантты-мінез құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік жұмыс	5999
1383.	Шекербек Айжан Сәбитқызы	Ядролық сынақтардан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау	6002
1384.	Алибекова Жанат Асылбекқызы	Көру қабілеті бұзылған балаларға әлеуметтік қолдау көрсету	6008
1385.	Аманбай Еркежан Әлібекқызы	Әлеуметтік жетімдікті еңсерудегі қабылдаушы ата-аналар мектебінің үлесі	6011

1386.	Ибрагим Аяулым Ерболқызы	Егде жастағы адамдарға күтім жасаудың кешенді тәсілі	6014
1387.	Ерғалиева Аяулым Ғалымжанқызы	Еріктілік – әлеуметтік жұмыстың ажырамас бөлігі	6017
1388.	Қыстаубай Карима Қуанышбекқызы	Адаптация студентов первого курса к обучению в вузе	6024
1389.	Исаева Мерей Сеилбековна	Социальное предпринимательство: от бизнеса к общественной трансформации на пути к устойчивому будущему	6029

9.6-секция

ЦИФРЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ ЦИФРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА И СВЯЗИ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

1390.	Талапқанұлы Ераман	Спорт журналистерін даярлау: 2019–2024 жылдардағы медиа-зерттеулер және халықаралық тәжірибе	6033
1391.	Кайрат М. К.	Эволюция социальной рекламы в Казахстане: от плакатов к digital-форматам	6038
1392.	Орынбасар С.А.	Жасанды интеллект заманындағы digital - коммуникациялар	6042
1393.	Мурзағалиева А.Е.	Сегментация аудитории с помощью искусственного интеллекта	6048
1394.	Магзумова Ж. Н.	PR саласындағы жасанды интеллект	6053
1395.	Салимжан Д.Ж.	Кризисный digitalpr: как справиться с негативом в интернете	6057
1396.	Тұяқбай Ақнұр Айболқызы	PR-дың қазақ поэзиясының дамуына ықпалы	6062
1397.	Алиева А. Д. Рустемова М. М.	Жасанды интеллект және PR-дағы цифрлық технологиялар	6066
1398.	Дауитхан Көгершин	Әйел спортшыларына қатысты медиа репрезентациялар: гендерлік аспект	6069
1399.	Ерланова Еркежан Ерлановна	Tiktok және Instagram платформаларындағы спорттық контенттің ықпалы	6072

1400.	Иүсіп Нәрсә	Спорт журналисінің бейнесі: кәсіби дағдылар мен жаңа талаптар	6074
1401.	Кабылбекова Аяна Канатовна	Қазақ киносының имиджін қалыптастырудағы PR-дың рөлі	6076
1402.	Құдайберген Аяулым Мирханқызы	Қазақ театрын жандырудың PR стратегиялары: жаңа медиа құралдарының рөлі	6079
1403.	Құрманжан Айгер	Халықаралық спорт жарыстары және қазақтілді бақ-тың қатысуы	6081
1404.	Отынбай Аружан Абайқызы Куанышева Диамара Куанышевна	Спорттық шараларды әлемдік деңгейде ұйымдастырудағы PR-дың рөлі	6085
1405.	Халым Күзеухан	Әлеуметтік желілердегі спорт журналистикасы: артықшылықтары мен кемшіліктері	6090
1406.	Хуандаг Алемнур	Футбол матчтарының репортажы: журналистік шеберлік пен этика	6092

9.7-секция

Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация Развитие журналистики: традиции и трансформация

1407.	Тургазыева Дильназ Медетовна	Қазақстан телеарналарындағы сараптамалық бағдарламалардың жаһандық кезеңдегі даму тенденциясы	6097
1408.	Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы	Әйел журналистердің қоғамдық-саяси қызметі: отандық және шетелдік тәжірибе	6101
1409.	Kussainova Adel	Comparison of crime programs on tv different countries	6104
1410.	Озенбаева Назым Тукибаевна	Журналистика путешествий: история возникновения и этапы становления	6107
1411.	Қабдрашев Біржан Жарқынұлы	Қарулы қақтығыс аймағындағы журналистің рөлі мен қауіпсіздігі: Ресей мен Украина жанжалы негізінде	6111
1412.	Akimbekova Dilyara	Practice – oriented approaches in teaching journalism: experience of universities in Poland and Kazakhstan	6114
1413.	Elubay Guldana	Interactive teaching methods in training future journalists: practices from Poland and Kazakhstan	6116

1414.	Ғаббас Г.Е.	Сұхбат алудың ерекшеліктері (Youtube әлеуметтік желісінің мысалы бойынша)	6120
1415.	Мулькаман Назерке	«Threads» жаңа әлеуметтік желісінде отандық және шетелдік бақ-тың белсенділігі: салыстырмалы контент-талдау	6125
1416.	Серикова К.Т.	Қазақстан мен Ресей байланысы: ақпараттық кеңістіктегі ықпалдастықты арттырудағы өзекті мәселелер	6128
1417.	Шанжархан Зейін Әмірханұлы	Интернет журналистика негіздері: трендтер, аудитория, платформалар	6133
1418.	Сәдуақас Шаттық Серікқалиқызы	Әлеуметтік медиадағы Edutainment Қазақстандағы танымдық контент жасаудың жаңа моделі	6137
1419.	Жамботырова Айнеля Ербулатовна	Цифрлық дәуірдегі жаңалық тарату: дәстүрлі телевизияның бәсекеге бейімделуі	6142
1420.	Жұмағали К.С.	«Хабар» телеарнасында ақпараттық саясатты көрсету ерекшеліктері мен проблемалары (2015–2024 жылдар бойынша)	6147
1421.	Асилбек Жансая Турсунқызы	Журналистер мен алгоритмдер: жасанды интеллектің редакциялық процестер мен аудиторияның сеніміне әсері	6149
1422.	Сұлтан Ажар	Имидж және бедел: жеке тұлғаларға арналған имидж қалыптастыру стратегиялары	6151
1423.	Бекен Алем Куатұлы	Жасанды интеллект және big data технологияларының цифрлық журналистикадағы рөлі	6154
1424.	Ахметова Дильназ	Қазіргі медиадағы трансформация	6156
1425.	Жарбосинова Акмарал Наурызбайқызы	Әлеуметтік медиаданың жаңа механизмдері, алгоритмдік сүзгілердің қоғамдық пікірге ықпалы	6159
1426.	Кенжеқара Әспет	Цифрлық медиадағы отандық pr және жарнама	6162

1427.	Алтай Іңкәр	Медиадағы манипуляция және оның қоғамға әсері	6164
1428.	Молдахметова Камила Қалдыбекқызы	Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы мен саяси бағасы	6168
1429.	Бошанова Әсел Ербуланқызы	БАҚ-тағы медиа-инновациялардың дамуы	6169
1430.	Ментай Аяжан	Қазіргі журналистика: дәстүр сабақтастығы және трансформация жолдары	6173
1431.	Берік Д.Б.	Қазіргі тележурналистикадағы қазақ тілінің тілдік нормалары: жаңалықтарда қолданылу мәселелері	6176
1432.	Кеңшілікова Еркеназ Ғабитқызы	Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация	6181
1433.	Дәлкенқызы Перизат	Цифрлық трансформация және дәстүрлі БАҚ: қазақстандық медианың жаңа бағыты	6182
1434.	Манафья Шұғыла Бақытқызы	Салааралық журналистиканың даму үрдістері мен трансформациясы	6185
1435.	Байұзақ Ұлданай	Отандық мультфильмдердің тәрбиелік аспектілері	6189
1436.	Толкынбекова Дильназ	Киноаударма теориясы мен оның түрлері	6193
1437.	Ералханқызы Би-Фатима	Израиль-Палестина қақтығысы жағдайындағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі	6194
1438.	Dildabek Gaini Ibragimova Akbota	Youtube as a second screen: the digital adaptation of kazakhstan tv channels	6198
1439.	Қожатай Аяжан	Сот журналистикасы: отандық және шетелдік тәжірибе	6202
1440.	Құрманалы Дариға Дәулетқызы	Цифрлы медиа мен дезинформацияның қоғамдық санаға әсері	6204
1441.	Марданманова Әмина	Телеертегілердің бала тәрбиесіне ықпалы	6208
1442.	Арғын Томирис Дамирқызы	Этикалық мәселелер және журналистиканың жауапкершілігі	6210

1443.	Одылова Мафтуна	Влияние цифровизации на распространение феминистского дискурса: социальные сети и онлайн-платформы	6214
1444.	Шардарбек Аружан	Фактчек жасау және оның маңызы	6219
1445.	Kussainova Adel	Image of journalists and tv hosts covering criminal topics on television	6223
1446.	Серікова Құралай	Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығы: БАҚ перспективасына көзқарас	6229

9.8-секция

МЕДИА ЖӘНЕ БАСПА ИНДУСТРИЯСЫ: ЖАҢАНДЫҚ ТРЕНДТЕР МЕН ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

МЕДИА И ИЗДАТЕЛЬСКАЯ ИНДУСТРИЯ: ГЛОБАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

1447.	Сансызбаев Н.Д.	Цифрлық дәуірдегі баспа: кітап шығару, оқу мәдениетін қалыптастырудағы мәселелер	6232
1448.	Сугурова Салтанат Базарбаевна	Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы суды үнемдеудің БАҚ-тағы көрінісі	6234
1449.	Narzullayeva Mukhayyo Iftikhor qizi Allambergenova Perkhan Kudaybergenovna	Theory and practice in journalism education	6237
1450.	Джумахметов Жігер Мейрамбекұлы	Дизайн трендтерінің эволюциясы және олардың жарнама стратегияларына ықпалы	6240
1451.	Нұрайлым Байзакеш	Қазақтілді балалар басылымдары: қалыптасу тарихы мен даму болашағы	6243
1452.	Қуанышқызы Ақниет	Медиадағы тактильді дизайн: жаңа тіл	6246
1453.	Келесова Жұлдыз Бақытжановна	О некоторых тенденциях в книгоиздании переводной Зарубежной литературы на казахском языке	6248
1454.	Маличкина Елизавета Андреевна	Перспективы цифрового книгоиздания в Казахстане	6251
1455.	Бекен Ильяс Ерғалыұлы	Верстка и дизайн важный фактор привлечения аудитории к печатным изданиям	6253

1456.	Шарапиева Рысалды	Интерактивті баспа өнімдері: заманауи білім мен медианың жаңа белесі	6257
1457.	Нургалиев Мади Еркатович	Использование ритма и звуковых эффектов	6260
1458.	Мұхитқызы Диана	Қазақ кітабының эволюциясы: көне қазақ кітаптарындағы иллюстрация (каллиграфия) өнері	6264
1459.	Амангелдина Данажан	Эпистолярлық мәтіндердің ғылымдағы орны	6269
1460.	Бейсенбай Диана	«Мазмұндама» баспасының заманауи жобалары	6272
1461.	Талғатқызы Адина	Steppe and world» баспасының аударма кітап шығарудағы іс-тәжірибесі	6275
1462.	Тулегенова Аяулым	Шетел классиктерін қазақ тіліне аудару: мәдениетаралық диалог және әдебиеттегі аударма мәселелері	6278
1463.	Какен Мейірім	Ауғанстандағы билік ауысуы және оның халықаралық медиадағы көрінісі	6281
1464.	Жанатова Асем	Қазақ әндерінің әлеуметтік медиада насихатталуы	6286
1465.	Гантумур Армангүл	«Гейткипер» теориясы және медиа манипуляция	6289
1466.	Мұқанбай Ділнәз	Қытай мен АҚШ арасындағы ақпараттық соғыс	6293
1467.	Хамзина М. А.	Взаимодействие современных издательств и социальных сетей	6296
1468.	Ермаханова Ә.Б	Влияние социальных медиа на рекламу фильмов и роль издательских платформ	6300
1469.	Қожатай Аяжан Мустафақызы	Ақпарат дәуіріндегі технологиялық соғыс - жаңа саяси құрал ретінде	6304

СЕКЦИЯ 10

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

1. Тенлибаева Ж., Алмурзаева Б., Жанакөв Б. *Исламдағы әйелдің жағдайы және құқықтары. Ақпараттық анықтамалық материалы.* – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 42 б.
2. Арнольд Гелен. *Адам: Оның табиғаты және дүниедегі орны.* – Лейпциг: Реклам, 1940 ж.
3. ҚР Жоғарғы Соты. *Орамал тағуға қатысты шешім.* – Kursiv Media, 2024, 5 желтоқсан. <https://kz.kursiv.media/kk/2024-12-05/tkbv-zhogharghy-sot>
4. Курсив Медиа. *Тоқәев: Мектеп – білім орны, оны саяси немесе діни пікірталас алаңына айналдыруға болмайды.* – 2023, 6 қыркүйек. <https://kz.kursiv.media/kk/2023-09-06/tokaev-mektep-turaly-baiandama>
5. ҚМДБ-ның мектептегі киім үлгісіне қатысты ұстанымы – 2017. <https://www.muftyat.kz/kk/news/country/2017-12-06/12547->
6. Қалдыбай Қ., Абдирасилов Т., Нурматов Ж. *Хиджаб киетін әйелдердің жұмысқа орналасудағы қиындықтары туралы.* // Адам әлемі журналы, 2022. №93(3). – Б. 169–176.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: ЮРИСТ, 1995. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

УДҚ 21.21.21

ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ДЕРАДИКАЛИЗАЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

Бидолда Жайқал Болатбекқызы
bidoldazhaikal@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы,
«Дін психологиясы» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – К. Тышхан.

Деструктивті діни идеялардан оңалту – адамды психикалық, әлеуметтік немесе физикалық жағдайына зиян келтірген діни ілімдердің ықпалында болғаннан кейін қалыпқа келтіру процесі.

Деструктивті діни идеялардан оңалту және дерадикализацияны зерттеу әсіресе адам құқықтарын қорғау контекстінде өзекті болып табылады. Ал жаһандану уақытында халықаралық тәжірибені зерттеу мамандарға көптеген мүмкіндіктер береді.

Технологияның, әсіресе интернеттің дамуымен діни және экстремистік топтар ықпалы мемлекеттік, ұлттық шекарадан оңай шығып кете алады. Идеялар онлайн форумдар, әлеуметтік желілер, онлайн курстар және басқа арналар арқылы тарап, бүкіл әлем бойынша жаңа ізбасарларды табуға үлкен мүмкіндік береді. Осыған орай, тандалған тақырыбым келесі себептерге байланысты өзекті болады:

Біріншіден, әртүрлі елдердің бұл мәселемен қалай күресетінін білу алдын алу және оңалтудың жаһандық тетіктерін жасауға көмектеседі.

Екіншіден, халықаралық тәжірибе әртүрлі елдерде қолданылатын әлеуметтік оңалтудың психотерапевтік тәсілдері мен үлгілерінің алуан түрлілігін зерттеуге мүмкіндік береді. Бұның нәтижесінде оңалту бағдарламаларын дайындауға болады.

Үшіншіден, халықаралық тәжірибе оңалту бағдарламаларын әзірлеуге ғана емес, деструктивті діни ағымдарға тартылудың алдын алуға да көмектеседі.

Деструктивті діни идеялардан оңалту саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу әртүрлі елдер үшін тиімді шешімдерді әзірлеудегі маңызды қадам болып табылады.

Аталғандарды ескере, осы мақалада дүниежүзілік озық оңалту мен дерадикализация үлгілеріне шолу жасалады.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының кеңсесінде культтар мен деструктивті діни идеялардың құрбандары мәселесі талқыланады.

«Faith for Rights» сенім мен адам құқықтарын байланыстыратын бастамаларды ілгерілету үшін жұмыс істейтін инициативасы 2017 жылы құрылды [1].

2012 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің экс төрағасы Зейд Раад Әл Хусейн өзінің бейне үндеуінде діни көшбасшылардың ықпал ету рөлін қозғап, діни, ұлттық және нәсілдік кемсітушілікке жол бермеуге бастама болатын үлкен қозғалыстың негізін қалады.

Әл Хусейн дінбасылар миллиондаған адамдардың жүрегі мен санасына айтарлықтай ықпал ететінін ескере отырып, оларды әлеуетті өте жоғары «құқыққорғаушылар» ретінде қарастыруды ұсынған. Осылайша, 2012 жылғы кемсітушілікке, дұшпандықты немесе зорлық-зомбылықты тудыратын ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікті насихаттауға тыйым салу жөніндегі іс-қимылдың Рабаттық жоспары қабылданды.

Оңалту процесі халықаралық тәжірибе контекстінде діни культтерден зардап шеккен адамдарды, әсіресе деструктивті терроризмге немесе экстремизмге қатысты болу сияқты травматикалық және деструктивті әсерлерді бастан кешірген адамдарды қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешенін білдіреді.

Оңалтудың халықаралық тәжірибесі оңалту процесінің өту аймағына, мәдени дәстүрлерге, заңнамаға және әлеуметтік жағдайға байланысты икемделгіш болуын көрсетеді.

Деструктивті ортадан шыққан адамдарды оңалту тарихы 1979 жылы басталған. Америкалық ICSA (International Cultic Studies Association) ұйымы – культтар мен деструктивті діни ағымдарды зерттеумен айналысатын жетекші халықаралық ұйымдардың бірі болып табылады. Ол культизм мен оның адамдарға тигізетін әсерін зерттеудің ғылыми базасын жасау мақсатында құрылды. Ұйымның ең маңызды миссиясы – әртүрлі діни топтар мен олардың әдет-ғұрыптары туралы ақпарат жинап, сол культтерден зорлық-зомбылық көрген азаматтарға түрлі көмек көрсету болып табылады.

ICSA «International Journal of Cultic Studies» ғылыми журналын шығарады [2].

Ал, WRRCW (Wellspring Retreat and Resource Center) Құрама Штаттарында деструктивті діни топтардан шығып кеткен адамдарды оңалту бағдарламаларын ұсынатын мамандандырылған мекеме. Ол өз жұмысын 1980 жылдары бастады.

Wellspring оңалту мақсатында жеке психотерапия, сондай-ақ топтық бағдарламаларды ұсынады. Бірдей өмірлік тәжірибесі бар адамдар топтық бағдарламаларда бір-біріне көмек бере алады. Бұндай топтық жиындар қауымдастық сезімін қалпына келтіруге және оқшаулану сезімін азайтуға көмектесетінін дәлелдеді [3].

Аталған ұйымдардың жұмыстарын көру үшін Кесте 1-ге назар аударыңыздар.

Кесте 1

ICSA және Wellspring оңалту жұмыстарын салыстыру

Критерий	ICSA КеХҚ	Wellspring Retreat and Resource Center КеРО
Негізгі мақсаты	Деструктивті культтарды ғылыми зерттеу және олардың құрбандарына көмек көрсету	Деструктивті культтардан шыққан адамдарға психологиялық реабилитация ұсыну
Қызмет түрлері	Конференциялар ұйымдастыру, зерттеулер жариялау, кеңес беру, білім беру бағдарламалары	Жеке және топтық терапия, реабилитациялық бағдарламалар, рухани және шығармашылық семинарлар өткізу
Мақсатты аудитория	Культтардан зардап шеккендер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, құқық қорғау органдары, жалпы қоғам	Деструктивті культтардан шыққан жеке тұлғалар
Қызмет ауқымы	Халықаралық деңгейде жұмыс істейді	Негізінен АҚШ аумағында қызмет етеді, бірақ басқа

		елдерден келген клиенттерді де қабылдайды
Қызметтері	Ғылыми мақалалар, кітаптар, ақпараттық материалдар, конференциялар, семинарлар, кеңес беру қызметтері	Тұруға арналған орындар, жеке және топтық терапия, рухани және шығармашылық семинарлар, реабилитациялық бағдарламалар
Зерттеулер мен нәтижелер	Культтардың психологиялық, әлеуметтік әсерлерін зерттеу; бұрынғы мүшелердің тәжірибелерін талдау; культтық тәжірибелердің қоғамға әсерін зерттеу	Екі апталық реабилитациялық бағдарламаның тиімділігін зерттеу; мансаптық дамуға әсерін зерттеу
Қаржыландыру	Донорлық жарналар, гранттар және материалдарды сатудан түскен табыстар арқылы қаржыландырылады; басқа ұйымдармен ынтымақтастық	Ақылы қызметтер мен донорлық қолдау арқылы қаржыландырылады; Ұлыбританияда шектеулі ауқымда жұмыс істейді

Мұндай орталықтар әзірлеген оңалту бағдарламалары басқа елдерге үлгі болуы мүмкін, бұл жаһандану және интернет пен әлеуметтік желілер арқылы экстремистік және деструктивті идеялардың таралуы жағдайында ерекше маңызды болып табылады.

Осылайша, ICSA және Wellspring қызметі бір-бірін толықтырады, олардың бірі проблеманы академиялық және ақпараттық қамтуға, ал екіншісі адамдарды сауықтыруға практикалық көмек көрсетуге бағытталған. Бұл ұйымдардың тәжірибесі Қазақстан үшін пайдалы болуы мүмкін.

Мысалы, ICSA академиялық тәсілдерін университеттерде қолдануға болады. Яғни, деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендер тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу және білім беру базасын дамытуға ықпал ете алады.

Ал Wellspring әдістері Қазақстандағы оңалту орталықтарында психологиялық және рухани оңалту бағдарламаларының негізін құра алады. Осы тәжірибелерді біріктіру діни радикализм құрбандары санынын артуын алдын алу, ерте анықтау және оңалтудың тиімді жүйесін құруға, сондай-ақ дінтану сараптамасы, психология және әлеуметтік жұмыс саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламалар оңалтуға, яғни діни культке тартылу салдарынан психологиялық және әлеуметтік күйзеліске ұшырағандарға көмек көрсетсе, түзету мекемелеріндегі дерадикализациямен айналысатын ұйымдардың спецификасы бөлек.

Дерадикализация – радикалдану деңгейін төмендетуге және идеологиялық негізі бар зорлық-зомбылықты жеңуге бағытталған комплексік іс-шара болып табылады. Бұл процесс көбінесе терроризм, экстремизм немесе радикалды діни ағымдарға қатысы бар адамдарға қолданылады. Дерадикализация әдетте экстремалды контексттерде қолданылады, оның ішінде түзету мекемелерінде [4].

Мысалы, Франциялық PRT (Prison de Reinsertion et de Traitement) бағдарламасы – Францияда түрме жүйесінде жүзеге асырылатын мамандандырылған бағдарлама болып табылады. Яғни, ол жазасын өтегеннен кейін қоғамға қайта қосылу мен экстремизм рецидивінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды. PRT 2015 жылы Францияда орын алған бірнеше террорлық шабуылдардан кейін қабылданды. Францияда діни радикал тұтқындармен күресудің жүйелі әдістеріне шұғыл қажеттілік туындады.

Францияның түзету мекемелерінде радикалданған адамдарды түрмедегі осал топтардан оқшаулап ұстау, сотталғандардың сенімдерімен ғана емес, мотивациясымен жұмыс жасау және отбасыларымен қарым- қатынасты қалпына келтіру жұмыстары жасалады.

Франция түрмелерінің бірінде радикалдануды бағалау бөлімі ашылды. «Венден-ле-Вье» түрмесі қауіпсіздік деңгейі бойынша ең «жабық» болғанымен, 2018 жылдың қаңтарында жиһадшы-радикал тұтқын бірнеше күзетшіні жаралады. Бұл жағдайдан соң осы санаттағы сотталғандарға қатысты қолданыстағы заңнама шектен тыс гуманды деп таныды.

Енді радикал тұтқындар 17 апта ішінде тексерістен өтеді. Бағалау нәтижелері бойынша олардың қауіптілік деңгейіне қарай орналастырылады [5].

Аталған жоба радикалдану жолдарын жабумен жұмыс істейді. 17 аптада радикалдар арасындағы харизматикалық лидерлер анықталып, олардың интеллектуалды потенциалы зерттеледі. Түрме қызметкерлерінің ойынша, мәдени және интеллектуалды деңгейі жоғары радикалдардан қауіп көбірек.

Осыған ұқсаған бағдарлама Сингапурда ертерек жұмысын бастаған. Religious Rehabilitation Group (RRG) – радикалдарды оңалтуға, оларға идеологиялық кеңес беруге ерікті ислам ғалымдары тартылған ұйым.

RRG – өз жұмысын 2003 жылы «Джема Исламия» экстремисттік тобының белсенділігі артқан соң басталды. Топтың мүшелігінде болған радикалдармен жұмыс істеу үшін, оларды қайта оқыту үшін және отбасыларымен де жұмыс істеу үшін беделді ислам ғалымдары тартылды [6].

Сингапурлық RRG мен Францияның дерадикализация бағдарламасы PRT мақсаттары ұқсас. Екеуі де радикалданған тұтқындармен жұмыс және түрмелерде радикалданудың алдын алуға көңіл бөледі.

Дегенімен, Сингапур психологиялық қолдауды діни сабақтар арқылы жүргізеді. Оңалту жұмысы ең бірінші діни көзқарасын түзетуге бағытталады.

Ал Франция радикалдарды оңалту үшін көпбейінді әдістер пайдаланады, яғни психологиялық көмекті, діни жұмысты және әлеуметтік оңалтуды біріктіретін мамандандырылған жүйе құраған. Салыстыру нәтижелері Кесте 2-де көрсетілген.

Кесте 2

Сингапурлық және франциялық дерадикализация үлгілерін салыстыру

Критерий	RRG	PRT
Негізгі мақсат	Қауіпті радикализациядан өткен тұтқындарды діни кеңес беру мен психологиялық қайта тәрбиелеу арқылы қалпына келтіру.	Радикализацияға ұшыраған тұтқындарды оқшаулау, әлеуметтік және психологиялық қолдаудың көмегімен дерадикализациялау.
Жұмыс әдістері	- Ислам ғалымдары тарапынан діни кеңес беру; - Психологиялық қолдау; - Жеке кездесулер.	- Радикализацияға ұшыраған тұтқындар үшін арнайы оқшауланған жағдай жасау; - Психологиялық және әлеуметтік қайта тәрбиелеу; - Діни кеңесшілермен жұмыс.
Діни негіздер	Негізгі назар исламның дұрыс түсіндірілуіне, ислам ғалымдары тарапынан кеңес беру.	Радикалды көзқарастарды өзгерту үшін діни кеңесшілерді пайдалану, зайырлылыққа бағдар қою.
Бағдарламаның құрылымы	- Ерікті ғалымдарды тарту; - Отбасымен жұмыс.	- Радикализацияға ұшырағандар үшін арнайы түрме блоктарын құру; - Әлеуметтік қызметкерлер мен психотерапевтер.
Тұтқындарға көзқарас	Идеология, мотивация мен қателерге негізделген жұмыс.	Радикализацияланған тұтқындарды бөлек ұстап, олармен оқшауланған жағдайда жұмыс жүргізу.

Бағдарламаның фокусы	Діни көзқарастарды қайта қарау, экстремистік түсіндірмелерді жою.	Радикализация деңгейін төмендету үшін әлеуметтік және психологиялық реабилитация жүргізу.
Бағалау және нәтижелер	Қайта радикализация болдырмау үшін рухани қайта құруға басымдық.	Дерадикализация барысында басқа тұтқындарға әсерінің бағаланбауы.
Түрмедегі қолдану	Діни кеңес беру мен жеке кездесулер арқылы қолданылады.	Арнайы блоктар мен реабилитациялық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстандағы дерадикализация жұмыстары үшін Сингапурдың да, Францияның да мысалдарын қолдануға болады.

Қазақстандағы экстремизмнің діни келбеті – ислам болғанына қарамастан, терроризм баптары бойынша жазасын өтеп жатқандармен жұмысқа екі елдің үлгілерін де қатар пайдалануға болады.

Қазіргі кезде, елімізге белгілі ислам ғалымдары онсыз да түзету мекемелерінде жұмыс істейді. Алайда, бұл жұмыс Сингапурдағыдай отбасы мүшелерін қамтымайды. Сондықтан, қазіргі дерадикализация жұмыстарын түрмеде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ортада да қолдау көрсету үшін тұтқынның отбасына кеңес берумен толықтыруға болады.

Еліміздегі радикалды тұтқындар үшін Франциядағыдай түрмелерде оқшауланған немесе мамандандырылған бөлімшелер құруды қарастыру қажеттілігі бар. Бұл басқа тұтқындар арасында экстремистік идеялардың таралуын болдырмауға көмектеседі. Тұтқындар оқшауланған жағдайда өмір сүргенімен, оларға қарқынды психотерапевтік және әлеуметтік оңалту бағдарламаларын өткізсе, босап шыққаннан кейінгі өміріне бейімделу жеңіл болады.

Оңалту мен дерадикализация жұмыстарының халықаралық тәжірибелеріне шолу арқылы бұндай бағдарламаларды Қазақстан жағдайында бейімдеу мүмкіндігі бар екенін байқадық.

Аталған тақырыпты зерттеу елдегі радикалдану мен экстремизмге қарсы күресте қажетті қадам болып табылады. Оның ішінде, Сингапур пен Францияның дерадикализация бағдарламалары сияқты өнімді үлгілерін «біріктіріп», зайырлы Қазақстан қоғамына тиімді бейімдеуге болады.

Демек, шетелдік бағдарламалардағы діни кеңесшілермен жұмыс, психологиялық және әлеуметтік оңалту, сондай-ақ сотталғандардың отбасыларымен жұмыс Қазақстанның түзеу мекемелерінің жүйесінде жүзеге асырылуы мүмкін әдістер болып табылады.

Сондай-ақ радикал тұтқындарды оқшаулау және тиімдірек «емдеуді» қамтамасыз етуге көмектесетін арнайы бөлек объектілер жасауға назар бөлуге болады. Бұндай объектілерде жасалатын топтық терапия қылмыстың қайталану қаупін төмендетіп, сотталғандардың қоғамға сәтті қайта қосылуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. OHCHR. Faith for Rights [Электрондық ресурс]. Режим доступа: <https://www.ohchr.org/en/faith-for-rights> (қолданыстағы күні: 20.03.2025).
2. International Cultic Studies Association (ICSA). Официальный сайт. [Электрондық ресурс]. Режим доступа: <https://www.icsahome.com/> (қолданыстағы күні: 24.03.2025).
3. The Wellspring. Официальный сайт. [Электрондық ресурс]. Режим доступа: <https://www.thewellspring.uk/> (қолданыстағы күні: 24.03.2025).
4. Horgan, J. (2009). Walking Away from Terrorism: Accounts of Disengagement from Radical and Extremist Movements. Oxford University Press.
5. В одной из самых охраняемых тюрем во Франции открылся спецучасток для радикалов. [Электрондық ресурс]. Режим доступа: <https://www.zakonia.ru/analytics/v-odnoj-iz->

samykh-okhranjaemykh-tjurem-vo-frantsii-otkrylsja-spetsuchastok-dlja-radikalov (қолданыстағы күні: 27.03.2025).

6. TodayOnline. Religious Rehabilitation Group 'invaluable' in maintaining harmony: PM Lee [Электрондық ресурс]. Режим доступа: <https://www.todayonline.com/singapore/religious-rehabilitation-group-invaluable-maintaining-harmony-pm-lee> (қолданыстағы күні: 30.03.2025).

УДК 21.21.21

СЕНУШІ АДАМДАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Демесінов Асылжан Алдамбергенұлы

assyl.demessin@gmail.com

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дін психологиясы» мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші – А. С. Нурадинов

Психологиялық көмек көрсетудің заманауи тәжірибесінде, көбінесе сенуші кісілерге көмек көрсету қажеттілігі туындайды. Қазақстанда біз негізінен мұсылман және христиандар туралы айтып отырмыз. Әдетте, сенуші адамдардың оның мәселесін шешу кезінде зиян келтірмейтіндей, шешуді қажет ететін бірқатар нақты мәселелерді тудырады. Осы мәселелердің бірі – адамдардың көмекке жүгіну мотивациясы. Психологқа бару өз еркімен болса, әдетте сенуші адамдарда кінәлі сезім жиі болады. Егер діни қызметкер сенушіні қиындықтарының рухани емес, психологиялық сипатта екенін түсінетін психологқа жіберсе, онда клиенттің жалғыз мотивациясы мойынсұну болуы мүмкін, бұл да психологпен тиімді ынтымақтастыққа ықпал етпейді.

Психологтың өзі үшін туындайтын мәселелер, ең алдымен, психологтың өз құндылықтары болмауы мүмкін клиенттің маңызды құндылықтарымен әрекеттесу қажеттілігімен, сондай-ақ олармен байланысты сезімдер мен қарым-қатынастарға эмпатия жасау қиындығымен анықталады. Осылайша, мұндай кісілерге психологиялық көмек көрсетудің ерекшелігі айқындалады.

Бұл ерекшелікті түсіну үшін діншілдік, тіпті психологиялық әдебиеттерде де әлеуметтану, этика немесе идеология тұрғысынан психологиялық ұғымдар тілінде жиі қарастырылатын құбылысты қарастыру қажет. Діндарлықты адамның өзі табиғаттан тыс және қасиетті деп санайтын нәрселермен, сондай-ақ адамдар мен ұйымдармен саналы немесе толық емес саналы қарым-қатынасты анықтайтын жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде анықтайық. Адамның діндарлығының діни таным, діни түсінік, діни тәжірибе мен сезім, діни құндылықтар сияқты құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуге болады, сондай-ақ діни әрекет құрылымындағы діни әрекеттер мен қарым-қатынастарды қарастыруға болады. Діндарлықтың құрылымын әртүрлі дін өкілдері үшін де дәл осылай сипаттауға болады.

Діни білім. Белгілі бір діни ілімнің мәні туралы білім дінге сенбейтін адамның, мысалы, дінтану маманының интеллектуалдық жүгі ретінде өмір сүре алады, бірақ ол діни дүниетанымның саналы құрамдас бөлігіне айнала отырып, діндарлықтың құрамдас бөлігі бола алады. Діндар адам үшін діни ілім туралы білім жеке өмір сүре алмайды, оған қазіргі кездегі сенім жағдайы әсер етеді.

Діни ұғымдар. Діни идеялар діни дүниетанымның ең аз іске асырылған құрамдастарының бірі болып табылады. Олар білім, діни өнер үлгілері негізінде туындайды, кейде діни интуицияның көрінісі болып табылады. Идеялардың жалпы сипаттамалары (бозғылт, фрагментарлық, панорамалық - идеялармен әрекет ету мүмкіндігі, еріксіз (тіпті